

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Қ. Тұрысов атындағы геология және мұнай-газ ісі институты

Химиялық процестер және өнеркәсіптік экология кафедрасы

Нуркасымова Айша Жанқызы

Атмосфераға ЖЭС зиянды шығарындыларын азайту жолдары

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Мамандығы: 5В060800 – «Экология»

Алматы 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Қ. Тұрысов атындағы геология және мұнай-газ ісі институты

Химиялық процестер және өнеркәсіптік экология кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Химиялық процестер және
өнеркәсіптік экология

Кафедра меңгерушісі

техн. ғыл. канд., доцент

 Кубекова Ш.Н.

«» 2022 ж.



«Атмосфераға ЖЭС зиянды шығарындыларын азайту жолдары»
тақырыбында

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

5B060800 – «Экология»

Орындаған

 А.Ж. Нуркасымова

Пікір беруші

Алматы энергетика және байланыс
университетінің «Инженерлік
экология және еңбек қауіпсіздігі»
кафедрасының меңгерушісі,
техника ғылымдарының кандидаты,
доцент

 А.А. Абикенова
«11» 05 2022 ж

Ғылыми жетекші

Техника ғылымдарының кандидаты,
сениор-лектор

 Г.Ж. Нурулдаева
«13» 05 2022 ж

Алматы 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Қ. Тұрысов атындағы геология және мұнай-газ ісі институты

Химиялық процестер және өнеркәсіптік экология кафедрасы

5B060800 – «Экология»

БЕКІТЕМІН

Химиялық процестер және

өнеркәсіптік экология

Кафедра меңгерушісі

техн. ғыл. канд., доцент

Кубекова Ш.Н.

2022 ж.



**Дипломдық жұмысты орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы: Нуркасымова Айша Жанкызы

Тақырыбы: Атмосфераға ЖЭС зиянды шығарындыларын азайту жолдары

Университет Ректорының 2021 жылғы «24» желтоқсан №489-П/Ө
бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі: 2022 жылы «5» мамыр

Дипломдық жұмыстың бастапқы берілістері:

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі

а) *Кіріспе. Дипломдық жұмыстың тақырыбын таңдауға негіз.*

б) *Негізгі бөлім. Өндіріс орнының қызметі мен жұмыстарымен танысу*

в) *Атмосфераға түсетін эмиссиялардың түрін және көлемін анықтау*

г) *Экономикалық және экологиялық жағынан тиімді болатын қондырғылар мен іс-шараларды ұсыну*

Сызбалық материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі керек)


Сызбалық материалдар 24 слайдпен көрсетілген

Ұсынылатын негізгі әдебиеттер: 7 атау

**Дипломдық жұмысты дайындау
КЕСТЕСІ**

Бөлім атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекшіге ұсыну мерзімі	Ескерту
Кіріспе бөлімі	11.03.2022	
Материал және зерттеу әдістемесі	15.04.2022	
Зерттеу нәтижесі. Қорытынды	04.05.2022	

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен
норма бақылаушысының аяқталған жобаға қойған
қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолтаңба
Негізгі бөлім	Г.Ж.Нурулдаева т.ғ.к., сениор-лектор	13.05.2022	
Норма бақылаушы	А. Далбанбай т.ғ.м., сениор-лектор	11.05.2022	

Ғылыми жетекші  Г.Ж.Нурулдаева
(т.ғ.к., сениор-лектор)

Тапсырманы орындауға алған білім алушы  А.Ж. Нуркасымова

Күні «13» 05 2022 ж.

АҢДАТПА

Дипломдық жұмыста Қазақстандағы ең ірі жылу электр станцияларның бірі «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-інде өндірілетін көмір отынының атмосфераға шығарылатын ластаушы заттары қарастырылды. Жылу электр станцияларынан бөлініп шығатын эмиссиялар қоршаған ортаға және адам денсаулығына әсер етеді.

Жұмыс барысында, отынды жаққандағы процесте күкірт оксиді, азот оксиді және күл эмиссиялары ең қауіпті екенін анықталды. Сараптай келе, түзілген ластаушы заттардың көлемін азайтуға және қоршаған ортаға тигізетін әсерінің мөлшерін азайтуға қажетті, әрі тиімді іс-шаралар мен жаңа технологиялар ұсынылды.

АННОТАЦИЯ

В дипломной работе рассмотрены выбросы угольного топлива производства ТОО «Экибастузская ГРЭС-1», одной из крупнейших тепловых электростанций Казахстана. Выбросы тепловых электростанций воздействуют на окружающую среду и здоровье человека.

В ходе работы были установлены, что в процессе сжигания топлива наиболее опасными выбросами являются оксид серы, оксид азота и золы. В результате анализа были предложены необходимые и эффективные меры и новые технологии для снижения количества загрязняющих веществ и снижения их воздействия на окружающую среду.

ABSTRACTION

In the diploma work were considered emissions from coal production of LLP "Ekibastuz GRES-1", one of the largest thermal power plants in Kazakhstan. Emissions from thermal power plants affect the environment and human health.

During the work were established that in the process of burning fuel the most dangerous emissions are oxides of ash, nitrogen oxides and ash. The results of the analysis were proposed as necessary and effective measures and new technologies to reduce the amount of pollutants and reduce their impact on the environment.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	9
Негізгі бөлім	10
1 Қазақстандағы «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-і	10
1.1 «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС туралы жалпы мәлімет	10
1.2 Ауданның жалпы климаттық сипаттамасы	10
1.3 ЖЭС-те пайдаланылатын отын түрлері	11
2 «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-ның жұмыс істеу процесі	13
2.1 Станцияға көмірдің келу технологиясы	13
2.2 Қазандықтардан кейін судың буға айналуы	14
2.3 Энергия өндіруің соңғы кезеңдері	15
3 Жылу электр станцияларынан бөлініп шығатын ластаушы заттары	17
3.1 «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-інде қолданылатын отын	17
3.2 Жылу электр станцияларында көмірді жаққан кездегі физика-химиялық өзгерістер	18
3.2.1 Отынның ылғалдылығы	19
3.2.2 Ұшпалы заттардың пайда болуы	20
4 Көмір отынын жағу кезінде пайда болатын зиянды заттардың түзілуін сипаттайтын теңдеулер	21
4.1 Атмосфераға зиянды заттардың шығаруларын есептеу	21
5 Түзілген эмиссиялардың қоршаған ортаға және адам денсаулығына әсері	25
5.1 Күкірт диоксиді	25
5.2 Азот тотығы	25
5.3 Түзілген күлдің адам денсаулығына әсері	26
6 ЖЭС зиянды шығарындыларын азайту шаралары	28
6.1 Көмір құрамындағы қатты бөлшектерді ұстау технологиялары	28
6.2 Қатты бөлшектердің шығарындыларын азайту үшін қолданылатын технологиялар	29
Қорытынды	32
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	33

КІРІСПЕ

Қазіргі таңда, заманымыздың қарқынды дамуымен, халықтың тез өсуі мен технологияның қарқынды дамуына байланысты жер бетіндегі жағдай түбегейлі өзгерді. Соңғы уақыттағы және осы таңдағы өзгерістерді салыстыра отырып, антропогендік процесстердің ауқымы бүткіл географиялық қабықты алғанын көреміз.

Жоғары индустриалды қоғам адамзаттың техникалық құралдар, өндіріс орындарын іске асыру процесстерін дамытып, қоршаған ортаға зиян келтіруіне бастама берді. Бұл бастаманың көлемі көбейіп, қазіргі адамзат үшін жаһандық сипатқа ие болды.

Сол жаһандық мәселелердің бірі атмосфераның ластануы. Атмосфералық ауа жер бетіндегі газдар мен аэрозольдердің қоспасы мен тіршілік әрекетін қолдайтын негізгі табиғи орта болып табылады. Оның ластануы бүкіл тіршілік жүйесін, флора, фауна, гидросфера, жер бедері қабаттарының күрт бұзылуына әкеледі.

Ауаның ластануының ең күшті факторларының бірі – өндіріс орындары. Бірақ өндіріс орындары бізді энергия, жылу көздерімен қамтамасыз етіп отырғаны – факт. Айта кеткенде, жылу энергия станциялары өндіріп жатқан энергия көзі өмірімізде үлкен рөл ойнап жатқаны айтарлықтай үлкен. Өндіріс орындарындағы жағу, өртеу, шахталық қақпандар, карьер жұмыстары, турбореактивті қозғалтқыштардың аэрозоль, күкірт оксиді, көмірқылқыл газы, азот тотығы, фторкөміртектерінің шығарындыларының тек атмосфера ластануына ғана емес, озон қабатының бұзылуына да әкеліп жатыр.

Жылу электр станциялары шығаратын жану өнімдерінің барлық қауіптілігін ескере отырып, оған экологиялық қадағалау шарттары қатты бақылану керек. Мүмкін, жаңа шығарындыларды азайту жолдары қарастырылып немесе сол тазалау іс-шараларын әрі қарай дамытып, жаңа тәсілдерін қолдана білуіміз керек.

Дипломдық жұмыстың мақсаты. Атмосфераға шығып жатқан ЖЭС зиянды, ластаушы заттарын қарастыру және оларға үздік технологияларды, жаңа іс-шараларын ұсыну. «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС мысалында ЖЭС толық жұмыс істеу процесстерін және өндіріс орнынан шығатын эмиссияларды зерттеу.

Дипломдық жұмыстың міндеттері:

- «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС жұмыс істеу технологиялық тізбегін зерттеу;
- Мекеменің атмосфераға шығатын ластаушы заттарын анықтау;
- Жылу станцияларынан шыққан эмиссиялардың көлемін есептеу;
- «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС ластаушы заттарын төмендету іс-шараларын ұсыну.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

1 Қазақстандағы «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-і

1.1 «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС туралы жалпы мәлімет

«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС - Қазақстанның Павлодар облысы Екібастұз қаласындағы Қазақстандағы ең ірі жылу электр станциясы. Екібастұз ГРЭС-1 — нің жобалық белгіленген қуаты-4000 МВт, 2021 жылғы жағдай бойынша нақты белгіленген қуаты — 3500 МВт.

Екібастұз ГРЭС-1-нің алғашқы объектілерінің құрылысы 1974 жылғы қаңтарда басталады.

Электр станциясы Павлодар облысы, Екібастұз қаласынан солтүстікке қарай 16 км жерде, Женгелді көлінің солтүстік жағалауында орналасқан. Станция Екібастұз отын-энергетикалық кешенін (ОЭК) құру бойынша КСРО жобасы шеңберінде салынды. Станцияның орналасқан жері оның Қазақстанның негізгі көмір өндіруші разрездеріне жақындығын анықтады (шығысқа қарай 25 км жерде әлемдегі ең ірі "Богатырь" разрезі орналасқан). Станцияны сумен жабдықтау көзі Женгелді көлінің қазаншұңқырында құрылған және "Сәтпаев атындағы Ертіс-Қарағанды" каналынан сумен толтырылатын су қоймасы болып табылады [9].

1996 жылы «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-ін AES америкалық энергетикалық компаниясы сатып алды. Станцияны сатып алғаннан кейінгі бірінші жылы қызметкерлер саны шамамен 2500-ден 1000-ға дейін, кейінірек 700-ден аз болды. Бұл ретте жалақы уақтылы төлене бастады (айына 2 рет), станцияда жұмыс істейтіндерді әлеуметтік қамтамасыз ету жақсарды. Сонымен қатар, жөндеу жұмыстарын жүргізуге және энергия блоктарының сенімділігін арттыруға қаражат бөлінді.

2012 жылы станцияда 20 жылдан астам уақыт тұрып қалған № 8 энергоблок іске қосылды. 2014 жылы № 2 блокты қалпына келтіру аяқталды (қуаты 550 МВт турбогенератор 2013 жылдың наурызында сыналды, ал төмен қысымды үш жылытқышты 2014 жылдың қыркүйегінде Атомэнергомаш зауыты тиеді, ал 2016 жылы — № 1 блокты қалпына келтіру жоспарлануда.

2018 жылғы жағдай бойынша 7 энергоблок жұмыс істеуде. Станцияда өндірілген электр энергиясының шамамен 20 пайызы Ресейге жеткізіледі, қалған бөлігі Қазақстанның энергетикалық нарығына таратылады [9].

1.2 Ауданның жалпы климаттық сипаттамасы

Екібастұз қаласының аймағы Павлодар қаласының оңтүстік-батысында орналасқан. Аудан солтүстік-батысында Ақмола, оңтүстік-батыста Қарағанды облыстарымен, солтүстікте Ақтоғай, оңтүстіктее Баянауыл және солтүстік — шығыста Павлодар облысының Ақсу аудандарымен шектеседі.

Аймақтың климаты шұғыл континенттік. Екібастұздың аумағы мұхиттан өте шалғайда орналасқан және батыс пен солтүстіктен соққан желдерге ашық, бұл ауа-райы жағдайында айтарлықтай контрастқа ықпал ететін әртүрлі сипаттағы ауа массаларының түсу мүмкіндігін тудырады. Бұл аймақ аязды, қысы орташа қатал, жазы жылы болып келеді.

Ауаның орташа жылдық температурасы $+2,9^{\circ}\text{C}$. Абсолютті максималды ауа температурасы $+41^{\circ}\text{C}$. Абсолюттік минималды ауа температурасы -43°C . Ең ыстық айдың орташа температурасы $+21,60^{\circ}\text{C}$.

Топырақтың қатуының нормативтік тереңдігі: саздар – 1,92 м; сазды құмдар және майда, шанды құмдар - 2,3 м; орташа, ірі және қиыршық тасты құмдар - 2,5 м; ірі топырақтар – 3,26 м.

Жауын-шашынның жылдық орташа мөлшері 269 мм, оның ішінде қыста 77 мм, жазда 192 мм. Қар жауған күндер саны 143, желдің орташа жылдамдығы 4,3 м/с, ауаның орташа салыстырмалы ылғалдылығы 65%[9].

Тұрақты су ағысы – Ертіс-Қарағанды каналы. Ұзындығы бойынша арна су қоймалары болып табылатын жеке шағын көлдерді байланыстырады. Канал Ертіс өзенінің суымен, аздап атмосфералық жауын-шашынмен және жер асты суларымен қоректенеді[9].

Өңірдегі топырақтардың негізгі түрі жеңіл каштанды аздаған қарашірікті топырақтар болып табылады. Шұңқырлардағы құнарлы топырақ қабатының топырақ қалыңдығы 15-40 см, кейде 50 см-ге дейін жетеді.

Егіссіз дала аумақтары – қауырсынды, бетегелі, жусанды және сирек кездесетін ұсақ қарағанды өсіретін жусанды-сазды-шөпті дала өсімдіктері бар жайылымдар.

1.3 ЖЭС-те пайдаланылатын отын түрлері

Отын деп жану кезінде жылуды едәуір мөлшерде бөлуге қабілетті кез келген затты атауға болады. Отынның практикалық мақсаттылығы оның сандық қоры, өндірудің қарапайымдылығы, жану жылдамдығы, жылулық құндылығы, ұзақ сақтау мүмкіндігімен және жану өнімдерінің адамдарға, өсімдік пен жануар дүниесіне қауіпсізділігімен анықталады.

Химиялық энергияның бөліну процесі отынның тотығу реакциясы болып табылады. Сондықтан химиялық отындар жанғыш және тотықтырғыш қасиеттерінен тұрады.

Жанғыш отындар органикалық және бейорганикалық болып табылады. Екеуі де қатты, сұйық және газ тәрізді болуы мүмкін. Тотықтырғыштар - бұл толтырылмаған сыртқы атомдық қабықшалары бар элементтерді қамтитын заттар, мысалы, оттегі – екі электроны жоқ, фтор және хлор – әрқайсысында бір электроннан [8].

Энергетика саласында жылу электр станцияларында (ЖЭС) электр энергиясын өндіру үшін негізінен органикалық отын пайдаланылады. Отынның

барлық түрлерінің құрамында, аз мөлшерде басқа химиялық заттар бар көмірсутекті қосылыстардан тұрады.

Қатты отын түріне: антрацит, қатты және қоңыр көмір, шымтезек, отын, тақтатас, ағаш кесетін және ағаш өңдеу цехтарының қалдықтары, сонымен қатар ауыл шаруашылығы өндірісінің өсімдік қалдықтары – сабан, қауыз, шынғолақ және т.б. жатады.

Қатты отын негізінен жылу электр станцияларында электр энергиясын өндіруге, жылу және өнеркәсіптің технологиялық қажеттіліктеріне және аз мөлшерде кеме және локомотив қозғалтқыштарында қолданылады.

Сұйық отын түріне мұнай, сонымен қатар оны өңдеуде бөлініп шығатын өнімдері: бензин, керосин, нафта қалдық өнімі – мазут жатады. Қатты отынды өңдеу кезінде жасанды сұйық отын және жанғыш шайырлар, сонымен қатар майлар алынады.

Сұйық отынның 70%-ға дейін және одан да көп бөлігі көліктерде – авиацияда, автомобильдерде, тракторларда, кемелерде, темір жол көлігінде (тепловоздарда) пайдаланылады, 30%-ға жуығы жылу электр станцияларында мазут ретінде жағылады, себебі шикі мұнай қазандықтарда отын ретінде пайдаланылмайды.

Газ тәріздес отындарға жер қойнауынан алынатын табиғи газ, ілеспе мұнай газы, металлургиялық өндірістің газ тәрізді қалдықтары (кокс пен домна газы), крекинг газы, сондай-ақ арнайы газ генераторларында қатты отыннан жасанды түрде алынған генераторлық газ жатады [8].

2 «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-ның жұмыс істеу процесі

2.1 Станцияға көмірдің келу технологиясы


Электр станцияның негізгі қозғаушы күші – энергия, яғни отын түрі болады. «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-інде отын ретінде негізінен, арзан Екібастұз көмірі пайдаланылады. Станцияға отын 1976 жылы 15 наурызда құрылған №3 көмір қабатының Ертіс 5/6 (қазіргі таңда «Богатырь» тілімі) № 3 қабатының көмір тілімі таңдалып, қазіргі уақытқа дейін осы өңірде өңделетін көмір тасымалданады. «Богатырь» тілімі Қазақстанда да, Ресейде де орналасқан топтың және үшінші тұлғалардың қуат өндіретін объектілеріне көмірді нарықтық шарттар бойынша жеткізеді [10].

Электр станциясына қатты отын теміржол құрамдарымен, вагондар арқылы тасымалданады. «Екібастұз ГРЭС-1» станцияның номиналды жүктемесі кезінде тәулік бойына 50 000 тоннадан астам көмір жағады. Көмірді қабылдау және түсіру ВРС-125 (1 сурет) типті тиегіш вагон құрылғылары арқылы жүзеге асырылады, электр станциясында ондай вагондардың 4 құрылғысы бар. Отынды кәсіпорында тасымалдау жолы келесі схемалар бойынша жүзеге асады: вагоннан қазандыққа, агрегаттарға, қазандыққа және вагоннан көмір қоймасына аударғыштарға [8].



1 сурет - ВРС-125 құрылғысы

Көмірді тиегеннен кейін, әрі қарай 350x350мм диаметрлі торлы-ұяшықтары бар қабылдау бункерлеріне түседі. Торларда қалып қалған көмірдің үлкен кесектері ұсақталып, ұсақтау және фрезерлік станоктарға итеріледі. Қабылдау бункерлерінен кейін, көмір ленталы тасу қондырғысына беріледі. Қазандықтарға жеткізілетін көмір алдымен балғалы-ұнтақтағыштардан (2-сурет) өтеді, онда үлкен диаметрлі кесектерді 25 мм-ге дейін ұсақтайды. Балғалы-ұнтақтағыштың өнімділігі сағатына 600-800 тоннаны құрайды. Ұсақтау қондырғысынан кейін көмір қазандықтарға түседі.



2 сурет - Балғалы-ұнтақтағыш қондырғысы

2.2 Турбиналық цех

Әр қазандықтың ішінде су жоғары қысымды буға айналатын екі симметриялы босату білігінің конвективті жылыту беттері орналасқан. Қазандықтардың темтурасы соншалықты жоғары болғандықтан, тіпті металлдарды ерітіп жібереді. Әрбір қазандық 8 қысымды диірменмен жабдықталған.

«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-ы, «Подельский машина жасау» зауытында жасалған 8 бу қазандығымен жабдықталған (3 сурет). Агрегаттардың қазандығының схемасы Т-тәрізді, қазандықтың өзі қондырғы қазанының қабырғаларында және конвекциялық біліктерде орналасқан, қыздыру беттерінің оттықтары мен құбырлары бар жану камерасынан тұрады. Су қазандықтың жылыту беттерінің құбыр жүйелеріне қоректік сорғылар арқылы жоғары қысыммен беріледі. Жану камерасында отынды жағу процесінде су қызады және жоғары қысымды буға айналады. Бу қатты қыздырғыштарда қызып, бу турбинасына жіберіледі [10].



3 сурет - «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-ында орналасқан «Подельский машина жасау» зауытының қазандығы

Бу турбинасы мен генератор тұтастай турбогенераторды құрайды. Болат Нұржанов атындағы «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС энергоблоктарында «Харьков турбина зауытының» №1-4 стационарлық нөмірлі К500-240 сериялы турбиналарын (4 сурет) және «Ленинград металл зауытының» №5-8 стационарлық нөмірлі турбиналарын қолданады. Турбиналар кәсіпорындағы барлық 8 энергоблокқа орналастырылған, және олардың әрқайсысында жетек білігі генераторға қосылған. Бағыттаушы қалақшалар арқылы өтетін бу ағыны жоғары, орташа немесе төмен қысымды цилиндр сатылары арқылы енеді. Саптамадан өткен кезде бу қысымы төмендейді, ал көлемі артады, бұл оның жылдамдығының едәуір артуына, демек оның кинетикалық энергиясының жоғарылауына әкеледі. Осылайша, бу роторды 3000 айн / мин жылдамдықпен айналдырады.



4 сурет - «Харьков турбина зауытының» №1-4 стационарлық нөмірлі К500-240 сериялы турбиналары

2.3 Энергия өндіруің соңғы кезендері

Турбинадан шыққан бу конденсаторға түседі, онда бу жиналып, конденсатқа айналады, ол жоғары және төмен қысымды регенерациядан кейін қазандықтарға қайтады түседі. Бұл процесс бу турбинасында жабық контурлы цикл жасайды. Бу турбинасының білігі генератор білігіне қатты қосылған, генераторда турбина білігінің айналуының механикалық энергиясы электр энергиясына айналады. Үш фазалы, синхронды турбогенератор екі негізгі бөліктен тұрады: стационарлық статор және айналмалы ротор, ротордың айналу жиілігі 3000 айн/мин. Статор орамының шығысындағы кернеу 20 кВ, турбогенератордың номиналды қуаты 500 МВт. Генераторлардан кейін кернеуді 500 кВт арттыратын трансформаторлар орнатылды [10].

Бу турбинасының білігі генератор білігімен тығыз байланысты, генераторда турбинаның білігінің механикалық айналу энергиясы электр энергиясына айналады. Үш фазалы, синхронды турбогенератор екі негізгі

бөліктен тұрады: бекітілген статор (5а сурет) және айналмалы ротор (5ә сурет), ротордың жылдамдығы минутына 3000 айналымды құрайды. Статор орамасынан шығу кернеуі 20 кВ, турбогенератордың номиналды қуаты 500 МВт құрайды. Генераторлардан кейін 500 кВ кернеуді арттыратын трансформаторлар орнатылады.



5 сурет – а - статор, ә - ротор

Трансформаторлар (6 сурет) ашық ауада орнатылады, электр энергиясын қабылдау және оны басқа электр қондырғылары арасында одан әрі бөлу электр станциясының электр тарату құрылғыларымен жүзеге асырылады. Электр станциясында Қазақстанның Бірыңғай энергетикалық жүйесінің жүктемелерін қоректендіруге арналған екі тарату құрылғысына энергия тарайды, олар: 500 кВ сыртқы тарату құрылғысы және 220 кВ сыртқы тарату құрылғысы [3].



6 сурет – Трансформатор

3 Жылу электр станцияларынан бөлініп шығатын ластанушы заттары

3.1 «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-інде қолданылатын отын

Жылу электр станциялары салыстырмалы түрде арзан органикалық отынмен жұмыс істейді – көмір мен мазут. Бүгінгі таңда дүние жүзінде негізгі энергетикалық ресурстар көмір (40%), мұнай (27%) және газ (21%) болып табылады. Кейбір бағалаулар бойынша бұл қорлар сәйкесінше 270, 70 және 50 жылға жетеді [3].

Атап өткендей, «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-іне Екібастұз «Богатрь» көмір алқабында өндірілетін арзан отын түрі - көмір жағылады. «Богатырь» көмір кесіктері Екібастұз 1-ГРЭС-тен 35 км және Екібастұз 2-ГРЭС-тен 53 км қашықтықта (темір жол бойынша қашықтық) орналасқан, көмірді тасымалдауға кететін шығындарды барынша азайтуға мүмкіндік береді.

Алқаптың көмірлері қатты тас типі, жоғары минералданған, ал метаморфизм дәрежесі бойынша газды, майлы және коксты болып келеді.

Екібастұз кен орнының «Богатырь» тілімінен энергетикалық мақсатта алынатын көмірдің сапа көрсеткіштері 1 кестеде көрсетілген:

1 кесте – Көмірдің сапа көрсеткіштері

№	Көрсеткіші	Өлшем бірлігі	Шамасы		Орташа мәні
			бастапқы	кейінгі	
1	Көмірдің сорты (СТ РК 1383-2010) КӨТ (коксты, әлсіз жанатын, төмен метаморфталған).	-	-	-	-
2	Бөлшектердің мөлшері бойынша жіктелуі	мм	0	00	-
3	Жұмыс отынына ылғал, W_f	%	3,8	7	5,4
4	Құрғақ массаға күлі, A^d	%	41	43	42
5	Ұшпа заттардың шығуы, W^{dat}	%	24	40	32
6	Жалпы күкірт, S_t	%	0,4	1	0,7
7	Жұмыс отынының жануының төменгі жылуы, Q_t	Ккал/кг	4200	3800	4000
8	Ұнтақтау коэффициенті	КЛ _о	1,03	1,33	1,18
9	Күлдің балқу температурасы	°C	1490	1500	1495
	Жұмсарған сәті, T_I	-	-	-	1300
	Жарты шар моменті, T_I	-	-	-	1460
	Сұйық күй моменті, T_I	-	-	-	1500

1 кесте - жалғасы

10	Күл қалдығының құрамы:	-	-	-	-
	- кремний оксиді, SiO_2	%	56,9	67,3	62,1
	- алюминий оксиді, Al_2O_3	%	24,4	31,6	28
	- темір оксиді, Fe_2O_3	%	4,4	7,26	5,83
	- кальций оксиді, CaO	%	0,68	3,29	1,98
	- магний оксиді, MgO	%	0,19	1,26	0,72
	-титан оксиді, TiO_2	%	1,09	1,65	1,37
	- күкірт оксиді, SO_3	%	0,55	2,31	1,43
	- фосфар оксиді, P_2O_5	%	0,32	1,29	0,8
	- калий оксиді, K_2O + натрий оксиді, Na_2O	%	0,56	0,95	0,75
11	Жанғыш массаның элементарлық құрамы:	-	-	-	-
	Көміртек	-	79,8	83,2	81,5
	Сутегі	-	5,6	4,9	5,3
	Азот	-	1,5	1,7	1,6
	Оттегі	-	9,6	12,2	10,9

3.2 Жылу электр станцияларында көмірді жаққан кездегі физика-химиялық өзгерістер

Қатты отын жанғыш (көміртек, сутегі, күкірт) азот, оттегі, ылғал және жанғаннан кейін күлге айналатын минералды жанбайтын қоспалардан тұрады. Шартты түрде элементтік құрамның барлық көрсетілген құрамдастарының қосындысы отынның жалпы салмағына пайызбен көрсетіледі. Отынның бастапқы массасының әр түрлі күйде болуы, массалар түрін анықтайды.

Пештер мен қазандықтарда көмірді жағу кезінде, оның құрамындағы органикалық қосылыстар мен минералды қоспалар кешені соңында ұнтақ түріндегі күл немесе балқытылған шлак бөліктерін түзеді.

Табиғи түрде келетін көмір отынындағы жанғыш және жанбайтын заттардың пайызы отынның жұмыстық массасын анықтайды:

$$C^P + H^P + O^P + N^P + S^P + A^P + W^P = 100 \%, \quad (1)$$

Қатты отынның өндірілгеніне және сақталуына байланысты жұмыстық массадағы күл (A^P) мен ылғалдылық (W^P) өзгереді. Сондықтан отынның қай түріне жататынын құрамындағы химиялық элементтердің сусыз және күлсіз пайыздық үлесіне байланысты анықтауға болады. Отынның мұндай құрамдары жанғыш және органикалық деп аталады.

Қатты отынның жанғыш құрамы шартты болып табылады, өйткені отын құрамындағы азот жанғыш элемент емес, ал оттегі, өз кезегінде, белгілі бір мөлшерде жанғыш заттармен байланысып тотықтырғыш рөлін атқарады, оны құрамдас бөлігі:

$$C^Г + H^Г + O^Г + N^Г + S^Г = 100 \%, \quad (2)$$

Көмір отынының жанғыш компоненттері сутегі, жылу мөлшері 120,5 МДж/кг, көміртегі - негізгі жанғыш элемент (34,1 МДж/кг) және күкірт – жану кезінде қазандық қондырғысының металл құрылымдарының коррозиясының дамуына әкелетін күкірт тотығын түзетін, аз жылу бөлетін зиянды қоспа. Ал, отынның органикалық массасы полимерлер деп аталатын күрделі және үлкен макромолекулалардан тұрады.

3.2.1 Отынның ылғалдылығы

Ылғалдылық көмір отынының ең маңызды техникалық сипаттамасы болып табылады. Ылғал отынның тұтануын қиындатады, пештегі температура деңгейін төмендетеді, пайдаланылған газдармен бірге жылу шығынын арттырады.

Көмірдің ылғалдылығы оның химиялық табиғаты мен геологиялық жасына, қабат жағдайына және алу әдісіне, сондай-ақ тасымалдау және сақтау жағдайларына байланысты. Геологиялық ескі отынның (антрацит, майсыз көмір) геологиялық жасы салыстырмалы түрде аз (қоңыр көмір, қоңыр көмір, шымтезек) отынға қарағанда ылғал әлдеқайда аз болады.

Жылу электр станцияларына арналған жабдықты жобалау кезінде әдетте эмпирикалық түрде анықталатын отынның әртүрлі ылғалдылық көрсеткіштері қолданылады. Ең маңыздысы көмір отынының жұмыс жағдайындағы ылғалдылығы W^P , %.

Қатты отын тасымалдау (ашық теміржол вагондарында) және қоймаларда сақтау кезінде атмосфералық жауын-шашынның күшті ылғалына ұшырауы мүмкін. Дегенмен, отынның ылғалды ұстап тұру қабілеті эмпирикалық түрде табылған немесе шамамен формула арқылы бағаланатын максималды ылғал сыйымдылығы деп аталатын шегі бар:

$$W_{\max} = 1 + 1.07 W^P, \quad (3)$$

Ылғалдылық ЖЭС-ке отын беру жұмысында үзіліс тудыруы мүмкін. Көмір отынының ылғалдылығының жоғарылауымен оның бөлшектерінің қозғалғыштығы нашарлайды және ағындылық ылғалдылығы $W_{\text{ағын}}$ деп аталатын белгілі бір шекті ылғалдылыққа жеткенде, отын бөлшектері бір-біріне жабысатындай дәрежеде жабысып қалады. Көмір отынының ағындылығын жоғалту шикі көмір бункерлерінде отынның тоқтап қалуына, қоректендіргіштердің «жақпалануына» және соның салдарынан жану үшін отынның берілуін тоқтатуға әкеледі [4].

3.2.2 Ұшпалы заттардың пайда болуы

Ұшпалы заттардың шығымы отынның маңызды техникалық сипаттамасы болып табылады, ол қыздыру кезінде оның ішінара ыдырауы туралы түсінік береді. Жоғары температураның әсерінен көмірдің құрамына кіретін тұрақсыз көмірсутекті қосылыстар қарапайым компоненттерге бөлінеді, ал бұл ретте газ және бу тәрізді жанғыш ыдырау өнімдері – ұшпа заттар құрамына енеді.

Ұшпалы заттардың шығымы көмір отынының түріне, сонымен қатар қыздыру жағдайларына және күйдіру температурасына байланысты. Ұшқыш заттардың шығымын анықтаудың стандартты әдісі аналитикалық отын үлгісінің өлшенген бөлігін ауасыз $850 \pm 25^{\circ}\text{C}$ температурада 7 минут бойы күйдіруден тұрады.

Ұшпалы қосылыстың құрамы әдетте отынның құрғақ күлсіз күйіне жатады. Ұшқыш заттардың бөліну көрсеткіші пеш процесін ұтымды ұйымдастыруды негіздеу кезінде, пешті жобалау кезінде және ұнтақтау жүйесінің жабдықтары мен параметрлерін таңдауда ескерілуі керек [8].

4 Көмір отынын жағу кезінде пайда болатын зиянды заттардың түзілуін сипаттайтын теңдеулер

4.1 Атмосфераға зиянды заттардың шығаруларын есептеу

«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-ының негізгі отын түрі – көмір. Көмірді жағу кезінде азот диоксиді, азот оксиді, күкірт оксиді, бенз(а)пирен, көміртегі оксиді, бейорганикалық шаң және күл бөлінеді. Олардың ішіндегі ең улылары күкірт оксиді (SO_x), күл және азот оксиді (NO_x) оксидтері.

ШРК мәні жаңа кәсіпорындардың құрылысына және жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды қайта жаңартуға арналған жобалық құжаттаманың барлық түрлерінде белгіленеді. ШРК салынып жатқан кәсіпорындар үшін де, жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар үшін де белгіленеді [2].

Зиянды заттардың ШРК шамасы кәсіпорындардың экологиялық қауіпсіздігінің негізгі көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Егер кәсіпорынның құрылыс (қайта құру) учаскесінде атмосфераның фондық ластануының және осы кәсіпорынның шығарындыларымен пайда болатын жер бетіндегі шоғырланудың мөлшері жоғары болса экологиялық және санитарлық инспекция органдары рұқсат бермейді.

Қолайсыз метеорологиялық жағдайларда қыздырылған газ-ауа қоспасы шығарылған кезде зиянды заттың беттік максималды концентрациясы (C_m) мына формуламен анықталады:

$$C_m = \frac{A \cdot M \cdot F \cdot m \cdot n \cdot \eta}{H^2 \cdot \sqrt[3]{V_1 \cdot \Delta T}} \quad (1)$$

мұндағы A – аймақтағы атмосфераның температуралық стратификациясы (Қазақстан үшін $A=200$);

M – атмосфераға шығарылатын ластаушы заттардың массасы, г/с;

F – атмосфералық ауадағы зиянды заттардың шөгу жылдамдығын ескеретін өлшемсіз коэффициент;

